

ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Орта білім мекемелерінің 11- сынып
оқушылары үшін оқулық

1-басылым

Өзбекстан Республикасы
Халыққа білім беру министрлігі бекіткен

«Extremum-press»
Ташкент – 2018

UO‘K 004(075.32)

КВК 32.81ya72

T 14

Тайлақов Нодирбек Исақулович

Ахмедов Акром Бурханович

Пардаева Мехринисо Донияровна

Абдуғаниев Абдували Абдулхаевич

Мирсанов Уралбай Мухаммадиевич

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.И.Тайлақовтың жалпы редакторлығы негізінде.

Пікір жазғандар:

С.Турсунов – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті «Информатиканы оқыту методикасы» кафедрасы меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

А. Ғаниев – Мұхаммед ал-Хорезми атындағы Ташкент ақпарат технологиялары университеті “Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету” кафедрасы меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

Б. Ибрагимов – Ташкент педагогика кәсіптік-өнер колледжі “Информатика және ақпарат технологиялары” пәнінің оқытушысы.

Г. Хакимова – Ташкент қаласы Юнусабад ауданындағы 260-санды жалпыбілім мектебінің “Информатика және ақпарат технологиялары” пәнінің оқытушысы.

Шартты белгілер:



– сабақтың басталуы;



– есте сақтандар;



– сұрақтар мен тапсырмалар;



– үйге тапсырма.

ISBN 978-9943-5129-1-7

СӨЗ БАСЫ

Қымбатты оқушылар!

Осы оқулық Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1017 жылғы 6 апрельдегі «Жалпы орта және орта арнаулы, кәсіптік-өнер білімінің білім стандартын бекіту жөніндегі» 187-санды қаулысымен бекітілген жалпы орта білімнің мемлекет білім стандарты және жалпы орта білімнің «Информатика және ақпарат технологиялары» пәні бойынша дағды талаптары негізінде жаратылған.

Оқулықтың бірінші тарауында компьютер графикасының түсінігі, оның түрлері, **PhotoShop** 6-растрлы графикалық редакторлығында бейнелерді жарату, басқару, түрлі реңдер жағдайларында істеу, бейнелерді байланыстыру, мәтіндерді редакторлау, палитраларды топтастыру мүмкіндіктерімен танысасындар.

Оқулықтың екінші тарауында Web-сайт, Web-дизайн түсініктері, **Macromedia Flash 8** бағдарламасы көмегінде Web-парақша жарату, әшекейлеу және анимациялар жарату мүмкіндіктерімен танысасындар.

Оқулықтың үшінші тарауында ақпарат қауіпсіздігінің түсінігі, оның қоғамдағы орны, проблемалары, ақпараттарды қорғау әдістері, локаль, аймақтық, глобал компьютер тармақтары, тармақ қауіпсіздігінің іс-шаралары, локаль және глобал компьютер тармағында сақталынатын ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, электрон пошта қызметінің түзілісі, компьютер вирустары, антивирустармен істеуге тиісті мәліметтерге ие боласындар.

Бір сөзбен айтқанда, оқулықтағы білімдерді меңгеріп, сен ажыралмас тәрізде информатика мен ақпарат технологиялары саласында өз-өзіңді интеллектуал даму, кемелдікке ұмтылу, когнитивтік дағдыларыңды еркін түрде жүйелі асырып барасындар және өз әрекеттеріңді бағалау мүмкіндігіне ие боласындар деген үміттеміз.

Авторлар

I ТАРАУ. КОМПЬЮТЕР ГРАФИКАСЫ

Сен осы тарауды оқып, графикалық объекттер және оларды компьютерде бейнелеу әдістері, екі және үш өлшемді компьютер графикасы түрлері, **PhotoShop** растрлы графикалық редакторлығында істеу негіздері, интерфейсі, құрылғылар панелі мен палитралары, графикалық объект файлдарымен істеу, бейненің геометриялық пішін көрінісіндегі бөлігіні ажыратып алу, бейне бөлегін ажыратып алу әдістерін, бейнелерді кадрлау және оларда пішін алмастыру амалдарын орындау, қабаттар мен олардан пайдалану, рең жүйелері, реңдермен істеу, каналдар мен фильтрлер жөнінде мәлімет, қылқалам және қаламен істеу, бейнеге геометриялық пішіндерді және векторлы объекттерді орналастыру, бейнеге мәтін орнату жөнінде білім, дағды және біліктерге ие боласыңдар.



1- САБАҚ. ГРАФИКАЛЫҚ ОБЪЕКТТЕР МЕН ОЛАРДЫ КОМПЬЮТЕРДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Адам сыртқы дүние жөніндегі ақпараттың негізгі бөлімін көздер жәрдемінде қабылдайды. Көру жүйесі түрлі объекттердің бейнесін қабылдайды. Олар жәрдемінде адамда сыртқы мұхит пен ондағы объекттер жөнінде ой пайда болады.

Объекттердің бейнесін жарату, оларды сақтау, қайта істеу мен бейнелеу құрылғыларында суреттеп беру компьютердің ең жақын және негізгі мәселелерінен бірі болып есептелінеді. Компьютердегі ешқандай тапсырма берілмегенде, яғни бос тұрғанда да экранда көрінуі керек болған суретті секундына он рет қайта істеп көрсетеді.

Компьютердің экранында пайда болатын суреттер оның **видеокарта** деп аталатын құрылғысы жәрдемінде жаратылады да экранға шығарылады. Видеокарталар үшін арнаулы **видеопроекторлар** істеп шығарылады. Видеопроекторлар компьютердің негізгі процессорының күрделілігі мен есептеу істерін орындау жылдамдығы бойынша артта қалдырған.

Компьютер экранында бейне қандай жаратылуымен танысып шығамыз. Компьютердің мәліметтерді электрон көріністе суреттеу құрылғысы **монитор** (монитор – күзету, бақылау) деп аталады.


Компьютерде болып жатқан үдерістерді бақылау мүмкін. Монитор-

дың суреттер көрсететін бөлімі, яғни экраны **дисплей** (**display** – суреттеу) деп аталады. Қазіргі уақытта айырықша корпуста жиналған суреттеу құрылғылары компьютер мониторы, компьютермен бірге орналасқан суреттеу құрылғылары (мәселен, ноутбук, планшет және телефондарда) дисплей деп аталауда.

Дисплей тіктөртбұрыш көрінісінде болып, оның жақтарының қатынасы 16-ға 9 сияқты болады. Бұдан тыс, дисплей жақтарының қатынасы 16-ға 10, 4-ке 3, 5-ке 4 сияқты болуы да мүмкін. Соңғы уақытта 21-ге 9 қатынастағы дисплейлер істеп шығарыла басталды. 16Х9 және 16Х10 қатынасы дисплейлер кең, 21Х9 қатынастары өте кең, 5Х4 қатынастықтары квадрат дисплейлер деп аталады.

Пиксельдер саны бойынша дисплейлерден кең тарқалғандары және олардың аттары төменде келтірілген.:

- 320Х240 **CGA** (**Color Graphic Adapter** – ренді графикалық құрылғы);
- 640Х480 **VGA** (**Video Graphic Adapter** – видео графикалық құрылма);
- 800Х600 **SVGA** (**Super VGA**);
- 1024Х768 **XVGA** (**Extended VGA** – кеңейтірілген VGA);
- 1280Х720 **HD** (**High Definition** – жоғарғы анықтағыш);
- 1280Х800 **HD+** (**HD** ден көбірек);
- 1366Х768 **WXVGA** (**Wide XVGA** – кең XVGA);
- 1440Х900 **HD++** (**HD** – ден және де көбірек);
- 1600Х900 **HD+++** (**HD** –ден және де көбірек);
- 1920Х1080 **FHD** (**Full HD** – толық HD);
- 2560Х1440 **QHD** (**Quadra HD** – төрттелген HD);
- 3840Х2160 **4K** (**4 kilo** – төрт мың баған) немесе **UHD** (**Ультра HD** – өте HD).



Дисплей экраны беттерге және бағандарға ажыратылған болып, әр бір қатар мен баған қиылысқан жерде **пиксель** деп аталатын өте кіші сурет бөліктері орналасқан. Пиксельдердің әр бірі жеке орынға ие және еркін басқарылуы мүмкін. Әрбір пиксель үшін естен бір байттан төрт байтқа дейін жай ажыратылуы мүмкін. Демек, әрбір пиксель 256 -дан 4 миллиардқа дейін болған реңдердің бірінде болуы мүмкін.

Экрандағы әрбір пиксельдің өзі үшке бөлінеді. Олардан бірі **ҚЫЗЫЛ**,

екіншісі **жасыл**, үшіншісі **көк** реңде сәулеленеді. Бұл реңдер **негізгі реңдер** деп аталады да түрлі қатынаста қосылып, табиғатта ұшырайтын реңдердің дерлік баршасын жарата алады.

Компьютер графикасы қызметінің сондай түрі, онда компьютер мен арнаулы жаратылған бағдарламалардан пайдаланып, бейне жаратылып, цифралы көрініске өткізіледі де қайта өңделіп, сақталады және ыңғайлы көріністе суреттеледі.

Компьютер графикасы өткен ғасырдың 70–80 жылдарынан бастап ен жая бастады. Қазіргі күнде компьютер графикасы сондай өркендеді, оның қажеттіліктерін қандыру компьютер техникасының қарқын дамуының негізгі себептерінен бірі болып қалды.

Компьютер графикасы ғылым-пәнге, бизнеске, өнер мен спортқа да тиісті болып, барша салаларда кең қолданылады. Компьютер графикасы бойынша әр жылы көптеген конференциялар өткізіледі, ғылыми журналдар мен оқу қолданбалар, диссертациялар қорғалады.

Әр жылы бірнеше жүз миллиард долларлық компьютер графикасы өнімдері істеп шығарылады да сатылады. Өнер маржандары жаратылады. Компьютер графикасы негізінде жаратылған электрон ойындар бойынша әлем біріншіліктері өткізіліп, оған миллиондап қатысушылар қатысады.

Компьютер графикасы не жаратылуына қарап төмендегі сыныптарға ажыратылады:

1) **стационар** (өзгермес) немесе **жай графика**; 2) **компьютер анимациясы**; 3) **мультимедия**.

Жай графика уақыт өтуімен өзгермейтін суреттерді жаратумен шұғылданады. Оларға мысал ретінде суреттер, фотосуреттер, сызбаларды келтіру мүмкін. Компьютер анимациясы уақыт өтуімен өзгертін суреттер жаратады. Мәселен, мультфильмдер, видеоклип пен видеороликтер.

Мультимедия өнімдері суреттер және анимациямен бірге басқа түрдегі ақпараттарды, мәселен, дауыс пен мәтінді де өз ішіне алады. Мультимедияның өзіне тән қасиеті оның интербелсенділігі болып, онда бір жайдан екінші жайға өту мүмкіндігі көзде тұтылған болады. Мультимедияға мысал негізінде бүтін әлем торы – Webті, ондағы Web-

сайттар мен Web-беттерді келтіру мүмкін. Қайсы салада істетілуіне қарап, графика төмендегі түрлерге ажыратылады:

1. **Ғылыми графика**. Ғылыми ізденулер мен олардың нәтижелерін бейнелеу үшін.

2. **Бизнес графикасы**. Экономикалық көрсеткіштер мен үдерістерді жарқын көрсете білу үшін қызмет етеді.

3. **Конструкторлық графикасы**. Экономика, техника, құрылыс пен басқа салаларда жобалау жұмыстарын жетілдіру, жақсылау, жеделдеттіру және автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

4. **Иллюстрациялық графика**. Қызмет көрсетудің түрлі салаларында әшекейлеу істерінде пайдаланылады.

5. **Көркем графика**. Өнер шығармаларын жаратуға кең қолданылады.



ЕСТЕ САҚТА !

Әр бір пиксельдің реңі **қызыл**, **жасыл** және **көк** реңдердің түрлі қатынастағы қоспалары.



СҰАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Видеокарта қандай міндет орындауын түсіндіріп беріңдер.
2. Компьютер экранында суреттер қандай жаратылады?
3. Монитор, дисплей деп нені айтады? Олардың қандай айырмашылығы бар?
4. Пиксель дегенде нені түсінесіңдер?
5. Компьютер графикасының түрлері және сыныптарды айтып беріңдер.
6. Диагонали 20 дюм мен өлшемдері 4.3, 5.4, 16.9, 16.10 ара қатыста болған мониторларды бір сызбада бейнелеңдер және оларды салыстырыңдар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

УHD түріндегі экранды сызыңдар. Оның оң жоғары бұрышына басқа түрдегі экрандарды пикселдер санына қарап орналастырыңдар. Олардың аудандары арақатысын табыңдар.



2- САБАҚ. ЕКІ ЖӘНЕ ҮШ ӨЛШЕМДІ КОМПЬЮТЕР ГРАФИКАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жарату әдісіне байланысты компьютер графикасы екі топқа ажыратылады:


- 1) **2D** (ағылшынша **two dimension** – екі өлшемді қатардан алынған).
- 2) **3D** (ағылшынша **three dimension** – үш өлшемді қатарынан алынған).

Екі өлшемді графикасы жалпақ және тегіс денелерде жаратылған суреттер болып, оларға мысал ретінде принтерде қағазға шығарылған фотосурет, суретші тарапынан арнаулы матада сызылған суреттерді

келтіру мүмкін. Екі өлшемді графиканың түрлерімен төменде арнайы танысамыз.

Үш өлшемді графика жәрдемінің көлеміне ие денелер бейнеленеді. Бұл беттің көкте иелеген орны ұсақ кубтармен толтырылады. Егер бұл кубтар жетерлі шағын болса, адам көзі оларды байқамайды және кубтар жалпы бір дене сипатында көз алдымызда көтеріледі.

Бірақ қазіргі уақытта басқаша жол тұтылады. Беттің өзі емес, мүмкін оның шекарасын ұйымдастырушы бет қалыптастырылады. Нәтижеде көздеріміз алдында дененің өзі көрінеді.



Мұнда дене беті ұсақ үшбұрыштармен қапталады. Егер бұл үшбұрыштар жетерлі шағын болса, көз бұл үшбұрыштардан құралып торды байқамайды да дене бір бүтін халде қалыптасады.

Торкөзге түспеу үшін дене беті боялады. Жарықтық деректері және бетін жарықтатуы мен дененің көлеңкесін есепке алсақ, үш өлшемді дененің бетінің бояуы үлкен көлемдегі есеп-қаражаттарды орындауға алып келуі мәлім болады.

Үш өлшемді графикадан анимация, компьютер ойындары мен виртуал (елесті) кеңістік жаратуда кең пайдаланылады. Виртуал кеңістік, негізінен, арнаулы бас киім – шлемдерде бейнеленеді. Мұнда әрбір көз үшін ерекше бейне жаратылады. Олар бірге суретті үш өлшемде көру мүмкіндігін жаратады.

Үш өлшемді графикадан екі өлшемді графикада да әсіресе, анимацияда кең пайдаланылады.

Екі өлшемді компьютер графикасы төмендегі түрлерге ажыратылады:



- 1) растрлы графика;
- 2) векторлы графика;
- 3) фракталдар

графикасы.

Растр сөзі информатикада теледидардан кіріп келген болып, латын тіліндегі «**rastrum – xaskash, omoch**» сөзінен алынған. Монитор экранында сурет теледидар экранындағы сияқты жаратылады. Қазіргі күнде экрандағы суретте санды көріністе жаратылады: сурет қатарлар мен ұстындарға бөлінеді, суреттің ұсақ бөліктері – пиксельдерден тұрады.

Растрлы суреттер сканерлер, цифралы фотоаппараттар, сол қатардан телефонның фотокамераларында жаратылады. Компьютер экранындағы суреттен көшірме алынғанда да растрлы сурет пайда болады. Принтерлерде шығарылған суреттер де растрлар арқылы жаратылады.



Растрлы суреттің өлшемі дегенде ондағы бағандармен беттер саны түсініледі. Мәселен, 3200×2400 өлшемді суретте 7 миллион 680 мың, 1920×1080 өлшемдісінде 2 миллион 73 мың 600 пиксель бар.

Растрлар тығыздығы дегенде ұзындық бірлігіне сай келетін пиксельдер саны түсініледі де **dpi (dots per inch** – бір дюмдағы нүктелер) де өлшенеді. Мәселен, 3200×2400 өлшемді суретті 300 **dpi** тығыздықта шығару үшін 10 2/3.8 дюм немесе 27.20 см2 өлшемді қағаз керек болады.

Растрлы графиканың ерекшеліктері: әр қандай суретті сақтай алуы, суреттің сапалы болуы, барша құрылғылардың онымен істей алуында. Кемшіліктері оны сақтау үшін үлкен көлемдегі жады керектігі, масштаб үлкейтірілгенде сурет сапасы төмендейді, кейбір амалдарды орындау көп есеп-қаражаттарды талап етеді. Соған қарамай, растрлы графика компьютер графикасының барша салаларында кең қолданылады.


Жай ғана 500×500 өлшемді квадратты сақтау үшін 250 мың пиксель және 0,25–1 МВ жады керек болады. Бірақ бұл квадратты

Delphi da Rectangle (0,0,500,500) бұйрығы арқылы оңай ғана жарата аламыз және мұнда бізге бар-жоғы 22 байт керек болады.

Бейнелерді қарапайым графикалық фигуралар жәрдемінде жарату вектор графикасының негізін құрайды. Вектор графикасында сурет қарапайым фигуралар жиынтығының көрінісі өрнектеледі, сақталады және бейнеленеді. Нәтижеде суреттерді жарату, қайта істеу, сақтау және бейнелеу жеңілденеді. Оларды сақтауға аз орын талап етіледі, суреттің масштабы кеңейтірілгенде оның сапасы бұзылмайды.

Вектор графикасынан сызбалар, анимациялар жаратуда кең пайдаланылады. Операциялық жүйедегі шрифттер вектор графикасы негізінде жаратылған және олардың жоғары сапасы барлық тараптан тән алынған.

Фрактал сөзі латынша «**fractus**» сөзінен алынған болып, **ұсақталған, бөліп сызылған** деген мағынаны білдіреді. Фракталдар деп өзіне ұқсас бөлімдерден тұратын геометриялық формалар айтылады.



Фрактал атауы пәнге 1975 жылы енгізілген. Қысқа уақыт ішінде ол өте ен жайып кетті. Фракталдар қарапайым математикалық формулалар жәрдемінде керемет суреттер жарату мүмкіндігін береді. Олар жәрдемінде теректер, ормандар, бұлттар, толқындалған теңіз, өрт пен түтін, ағып жатқан сұйықтық сынды суреттерді жарату мүмкін. Фракталдардан виртуал кеңістік, анимация, компьютер ойындары мен математикалық модельдестіруде кең пайдаланылады.



ЕСТЕ САҚТА !

Растрлы графика кең тарқалған графика болып табылады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Екі өлшемді компьютер графикасының түрлерін, олардың артықшылықтарын айтып беріңдер.
2. Растрлы графика өлшемі не және оны сақтау үшін қанша жады керек болады?
3. Фракталдар жөнінде нелерді білесіңдер?
4. Үш өлшемді графика жөнінде нелерді білесіңдер?
5. Квадрат сызыңдар. Оны тоғыз квадратқа ажыратыңдар. Бұрыштардағы төрт квадратты алып қалып, қалғандарын өшіріп тастандар. Қалған квадраттарын да сол әдісте қайта істендер.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Сабақ тақырыбы бойынша 6 тест түзіңдер.



3-САБАҚ. PHOTOSHOP – РАСТРЛЫ ГРАФИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДА ІСТЕУ НЕГІЗДЕРІ. PHOTOSHOP ИНТЕРФЕЙСІ

Растрлы графиканы, мәселен, фотосуреттерді, редакторлау көп кездесетін тәсіл. Мұнда фотосуреттерді алу уақытында жіберілген қателіктерді түзету, керекті фотосуреттерден жаңасын монтаж жасау, фотосуреттердегі артықша нәрселерді алып тастау, фотосуреттердің проблемалы орындарын басқа бөлімімен алмастыру, фотосуретке өрнек беру, фотосуретке түрлі фильтрлерді қолдап, оларды жаңа көріністе өткізу, фотосуреттерге мәтін қосу, фотосуреттерді басқа беттерге, мәселен, құмыра бетіне өткізу үшін пішінді өзгертіру бұл амалдардан кейбіреулері ғана.

Фотографтардың жұмысын жеңілдету үшін бірқатар бағдарламалар істелген. Олар арасында ең танымалы **Adobe** компаниясы тарапынан істеп шығарылған және қолдап-қуатталғаннан кейін **PhotoShop** бағдарламасы болады. Оның алғашқы варианты 1990 жылда жаратылған болып, қазіргі күнге дейін жиырмаға жуық варианттары сатуға шығарылған.

Олардан алғашқы жетеуі **Adobe PhotoShop 1, 2, ..., 7** атымен сатуға шығарылған. 2007 жылдан бастап **Adobe PhotoShop CS 1, 2, ..., 7** версиялары істеп шығарылған. 2013 жылдан бастап жаңа версиялар **Adobe PhotoShop CC** деп атала бастады. Олардың вариант нөмерлері негізінде істеп шығарылған жылдары қойыла бастады. Қазіргі кезде

бұл бағдарламаның ең жаңа версиясы [Adobe Photoshop CC 2018](#) болып табылады.

[PhotoShop](#) жәрдемінде орындалатын істерді төмендегі топтарға ажырату мүмкін.

Фотосуреттің шеткі бөлімдерін және ондағы керексіз объекттерді алып тастау, сурет өлшемі мен ондағы пиксельдер тығыздығын өзгертіру, суреттің сақтау форматын өзгертіру, суретті немесе оның бір бөлімін басқа тегістік яки бетте көрінетін етіп трансформациялау, фотосуретті алу уақытында жол қойған кемшіліктерді жойса, мәселен, оны алу уақытында көп істеп ұстап қалған, ақ реңнің балансын өзгертіріп кетуі, жарқындық немесе контрастықтың көбейіп кетуі яки азайып кетуі нәтижесінде пайда болған кемшіліктерді жоюмен және көптеген амалдарды орындауды [PhotoShop](#) жәрдемінде оңай іс-жүзіне асыру мүмкін.


[PhotoShop](#)тың құрылғылар панелінде 70-тен астам құрылғы барлығының өзі де оның мүмкіндіктері қай дәрежеде екендігінен дәлел береді. Бұдан тыс, [PhotoShop](#)та ондаған палитралар болып, олар бағдарламада істеуді жеңілдетумен бірге, оның мүмкіндіктерін және де кеңейтіреді. [PhotoShop](#)тың фильтрлері жәрдемінде суреттің өзін немесе оның бір бөлімін бүтіндей қайта істеп шығу мүмкін. Нәтижеде фотосуретке қолданылған эффекттер оның танып болмас дәрежеде өзгеруіне алып келеді. Мұндай эффекттерден [PhotoShop](#)қа ондап орналастырған.

Реңдер коррекциясы, ақ-қара суреттерге рең беру, керісінше реңді суреттерді ақ-қараға өткізу, фотосуреттерді баспалардағы немесе үйдегі фотопринтер жәрдемінде шығаруға дайындау, фотосуреттерде көздердің қызыл реңге кіріп қалуын дұрыстау сияқты амалдар [PhotoShop](#)та оңай орындалады.

[PhotoShop](#) негізінен, дайын фотосуреттерді қайта істеу үшін арналған болуына қарамай, онда өмірде және табиғатта кездеспейтін жаңа фантастикалық суреттерді жаратудың да кең мүмкіндіктері бар. Жаңа бейне жарату амалы дайын фотосуреттер негізінде жаңасын жарату уақытында да керек болады. Мұнда түрлі суреттердің бөліктері

жаңадан жаратылған суретке жайластырылады.

PhotoShop бағдарламасының интерфейсі төмендегі бөлімдерден тұрады: 1) маңдайшадағы жазу қатары және негізгі меню; 2) параметрлер панелі; 3) құрылғылар панелі; 4) палитралар саласы; 5) жұмысшы сала; 6) жағдай қатары.



Негізгі менюның төмендегі бөлімдері бар.

- 1) **Файл** (Файл) – суреттер сақталатын файлдар үстінде амалдар;
- 2) **Редактирование** (Редакторлау) – суреттерді редакторлау амалдары;
- 3) **Изображение** (Бейнелеу) – суреттің жалпы параметрлерін өзгертіру;
- 4) **Слой** (Қабат) – сурет қабаттармен істеу;
- 5) **Шрифт** (Шрифт) – шрифттермен істеу;
- 6) **Выделение** (Ажыратпа) – сурет бөлігін ажырату және ажыратпалармен істеу;
- 7) **Фильтр** (Фильтр) – суретті бүтіндей немесе жартылай өзгертіру үшін қызмет ететін арнаулы эффекттерді қолдау үшін жұмсалады;
- 8) **3D** (Үш өлшемді) – үш өлшемді объекттермен істеу;
- 9) **Просмотр** (Көру) – үлгінің сыртқы көрінісі мен ондағы басқару объекттерді көрсету үшін қызмет етеді;
- 10) **Окно** (Айна) – үлгі айналарын, бірінші кезекте, үлгі палитраларын басқару үшін қызмет етеді;
- 11) **Справка** (Анықтама) – түрлі жәрдемдерді шақыру үшін жұмсалады.

Құрылғылар панелінде пайдаланушы тарапынан суреттермен істеуде керек болатын құрылғылар орналасқан. Құрылғылар саны

көп болғандығы себепті бір ғана түймеше астында әдетте бірнеше құрылғылар орналасқан болады. Бұл құрылғыларға клавиатурада бірдей әріп сәйкес қойылған. Бұл әріпті кетпе-кет бірнеше рет басып, керекті құрылғыны таңдап алуы мүмкін. Құрылғыларға латын әліпбиінің бас әріптері сәйкес қойылған. Оларды шақыру үшін клавиатура нүктесі **Shift** түймешесімен бірге басылады. Бұл болса клавиатура түймешесінің байқаусызда басылып кетуі және құрылғының іске түсуінің алдын алады.

Параметрлер панелінде таңдалған құрылғының ағымдағы параметрлері көрсетіледі. Қажет болғанда бұл жерде құрылғының параметрлерін өзгертіру мүмкін.

Параметрлер саласы **PhotoShop**тың қосымша мүмкіндіктерінен пайдалануда қол келеді. Қажет болғанда ол жерде палитра шақырылады. Керексіз уақытта палитралар алып қойылады да суретпен істеу үшін көбірек орын ашылады. Палитралар да құрылғылар сынды бірнешеуі бірлестірілген.



ЕСТЕ САҚТА !

PhotoShop интерфейсі күрделі көріністе өте қолайлы.



СҰАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **PhotoShop**тың тарихы туралы айтып беріңдер.
2. **PhotoShop**тың мүмкіндіктерін айтып беріңдер.
3. **PhotoShop** интерфейсі нелерден тұрады?
4. **PhotoShop** негізгі менюсінің қандай бөлімдері бар?
5. Негізгі менюсінің Редактирование (Редакторлау) және Окно (Айна) бөлімдеріндегі тараулармен танысып шығындар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

PhotoShop палитралары саласына түрлі палитралар шығаруды орындандар.



4- САБАҚ. PHOTOSHOPТЫҢ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ПАНЕЛІ МЕН ПАЛИТРАЛАРЫ

PhotoShopтың құрылғылар панелінде 23 нүкте болып, олар алғаш бір баған көрінісінде орналасқан болады. Панельдің маңдайшасындағы жазу қатары орналасқан қос үшбұрыш көрінісіндегі түймешені басып, құрылғыларды екі баған көрінісінде орналастырып шығу мүмкін. Жаңадан пайда болған қос үшбұрыштарды және бір рет басып,

құрылғылар панелін алдыңғы жағдайға қайтару мүмкін.

	Прямоугольная область	M		Перемещение	V
	Овальная область	M		Быстрое выделение	W
	Горизонтальная строка			Волшебная палочка	W
	Вертикальная строка			Пипетка	I
	Лассо	L		Пипетка 3D	I
	Прямолинейное лассо	L		Цветовой эталон	I
	Магнитное лассо	L		Линейка	I
	Рамка	C		Комментарий	I
	Кадрирование перспективы	C		Счетчик	I
	Раскройка	C		Кисть	B
	Выделение фрагмента	C		Карандаш	B
	Точечная восстанавлив. кисть	J		Замена цвета	B
	Восстанавливающая кисть	J		Микс-кисть	B
	Заплата			Архивная кисть	Y
	перемещение с учетом содерж.	J		Архивная художес. кисть	Y
	Красные глаза	J		Градиент	G
	Штамп	S		Заливка	G
	Узорный штамп	S		Выбор 3D материала	G
	Ластик	E		Осветлитель	O
	Фоновый ластик	E		Затемнитель	O
	Волшебный ластик	E		Губка	O
	Размытие			Горизонтальный текст	T
	Резкость			Вертикальный текст	T
	Палец			Горизонт. текст маска	T
	Перо	P		Вертикаль. текст маска	T
	Свободное перо	P		Прямоугольник	U
	Перо+			Прямоуг. с окр. углами	U
	Перо-			Эллипс	U
	Угол			Многоугольник	U
	Выделение контура	A		Линия	U
	Стрелка	A		Произвольная фигура	U
	Рука	H		Стандартное окно	F
	Поворот вида	R		Во весь экран с гл. меню	F
	Выбор цвета линий и фона			Во весь экран	F
	Цвета по умолчанию	D		Масштаб	Z
	Быстрая маска	Q		Переключение цветов	X

Құрылғылар панелі төрт бөлікке ажыратылған болып, олардың біріншісінде алтау, екіншісінде сегіз, үшіншісінде төрт, төртіншісінде бес түймеше орналасқан. Құрылғылар панеліндегі әрбір түймешеге бір немесе бірнеше құрылғы сай келеді.

Сол себепті, құрылғылар саны бірнеше рет көп болып, әдетте, бір

нүкте астында бірнеше құрылғылар орналасқан болады. Егер құрылғы түймешесінің оң төменгі бұрышында қара үшбұрыш болса, бұл түймеше астында бірнеше құрылғы барлығын білдіреді.

Мұндай нүкте үстіне тышқанды алып келіп, оң түймешесін бассақ, бұл нүктеге сай келетін құрылғылар тізімі пайда болады да олардан керектісін таңдап алу мүмкін. Әдетте, әрбір нүкте үшін клавиатурада түймешелер сай қойылған болып, оны кетпе-кет бірнеше рет басумен бұл нүктеге сәйкес құрылғылардан керектісін таңдап алу мүмкін.

Құрылғылар олардан пайдаланып бөлінгеннен кейін де таңдалғанынша қалады. Бұл ыңғайлы болса да, алғаш оған қалыптасу қиын болады. Соның үшін құрылғыдан пайдаланып болған соң, тезде **Рука** (Байлам) құрылғысын таңдауға әдеттеніңдер. Бұл құрылғы панельдің төртінші бөлімінде бірінші болып орналасқан. Ол жұмысшы салаға сыймайтын үлкен өлшемді суреттің керекті бөліміне өту үшін қызмет етеді. Мұның үшін суреттің қалаулы жайында тышқанның сол түймешесін басып, оны керекті бағытта сүйреу жетерлі. Негізгісі, бұл құрылғы суретке ешқандай өзгеріс кіргізбейді.

Қалған құрылғылармен кейінгі жаттығуларда, олардан пайдалану қажеттігі туылғанда танысып шығамыз. **Палитра** деп суретшілер бояуларды араластыру үшін істетілетін тақтайға айтылады. Құрылғылар панелінде 70-тен астам құрылғылар орналасқан. Бірақ олар да **PhotoShop**тың барлық мүмкіндіктерін ашып бермейді. Құрылғылардың кең мүмкіндіктері палитралар жәрдемінде ашылады. Суретшілер палитраға керекті бояуларды сүртіп, олардан жаңа рең пайда болғаны секілді **PhotoShop**та да палитралар саласында керекті палитраларды орналастырып, қосымшамен істеуді және де ыңғайлы етіп алу мүмкін.

Палитралар қосымша айнасының оң жағындағы палитралар саласында орналасқан болып, қатынас ойындарына ұқсап кетеді. Бірақ олардан ерекшелік жағы палитралардан керектісін экранға өзіміз шығарамыз немесе оны жауып қоямыз. Бұл палитралар жәрдемінен артық болып, әдетте, бірнешеуі бірлестірілген болады.

Кейбір құрылғылардың өз палитралары бар, кейбіреулері болса оншалық күрделі болмай, олармен істеу үшін параметрлер панелі

жетерлі. Кейбір палитраларда жаңа құрылғылар орналасқан, мәселен, навигатор, гистограмма, инфо палитраларын жаңа құрылғылар деп атау мүмкін.


Кейбір палитраларды **PhotoShop**тың ажыралмас бөлігі деп қарау мүмкін. Мәселен, **Слои** (Қабаттар), **Каналы** (Каналдар), **История** (Соңғы амалдар) палитралары **PhotoShop**тың өзіне тән жақтарын ашып береді, оларсыз **PhotoShop**ты елестетіп те болмайды.

Палитралардан керектісін экранға шығару үшін негізгі менюнің **Окно** (Айна) бөлімінен пайдаланылады. Ондағы тараулардың кейбіреулерінде жалаулар орнатылған және бұл палитралар экранда көрініп тұрады. Егер керекті палитра үстінде тышқанның сол түймешесін бассак, оның жалаулары орнатылады да ол экранда пайда болады. Таңдалған тарау үстінде тышқанның сол нүктесін және бір рет бассак, жалау алып тасталады да палитрада экраннан алып тасталады.


Мысал үшін, **Навигатор** (Бағыттаушы) палитрасын экранға шығарайық. Оның жәрдемінде сурет масштабын өзгертіру мүмкін. Бұл палитра **Гистограмма** (Гистрограмма) палитрасымен бірге істетіледі.

Оның оң жоғарғы бұрышындағы екі нүктеден сол жақтағысы палитраны жасыру, оң жақтағысын экраннан алып қою үшін қызмет етеді. Олардың астындағы түймеше палитраның менюсін ашу үшін қызмет етеді.

Палитраның өлшемдерін өзгертіру үшін оң төменгі бұрышты тышқан жәрдемінде сүйреу керек болады. Палитра айнасының жоғарысындағы маңдайшадағы жазу қатары тышқанмен сүйреп, айнаны экранның басқа жайына алып өту мүмкін. Палитра айнасының төменгі бөлігіндегі сүргіштің көрсеткішін тышқан жәрдемінде солға сүйреп, айнаны экранның басқа орнына алып өту мүмкін. Палитра айнасының төменгі бөлігіндегі сүргіштің көрсеткішін тышқанның көмегінде солға




қарай сүйреп сурет масштабын азайттыру, оңға қарай сүйреп үлкейтіру мүмкін. Сүргіштің оң жағындағы түймеше масштабын үлкейтеді. Сол жағындағы болса кішірейтеді. Суреттің жұмысшы салада көрінетін бөлігі қызыл рамкаға алып қойылады. Рамканы тышқанмен сүйреп бейненің жұмысшы саласындағы бөлігін сүру мүмкін.



Масштабты өзгертірудің басқа әдістері де бар. Олардан ең оңайы клавиатуардағы қос түймешелерден пайдалану. **Ctrl+** (**Ctrl** және **+** нүктелерді бір уақытта басу) масштабты үлкейтіреді. **Ctrl-** болса масштабты кішірейтеді.

Тұтқа құрылғысын екі рет басып, суретті жұмысшы бетін толық иелейтін етіп, масштаб құрылғысын екі рет басып, 100% масштабта суретті экранға шығару мүмкін. Масштаб экранның төменгі бөлігіндегі жағдай қатарында да көрсетіледі. Оны тышқанмен таңдап, керекті масштабты кіргізу мүмкін.

Масштаб құрылғысы да сурет масштабын өгертіру үшін қызмет етеді. Тышқанды бір рет басып оны таңдағанымызда параметрлер панелінде оның параметрлері пайда болады. Ондағы керекті түймешелер көмегінде масштабты өзгертіреміз.



Кейбір құрылғыларда олармен істеуді аяқтамай тұрып, басқа құрылғыны, сол сөйлемнен масштабты таңдап болмайды. Мұндай кезде **Ctrl** және **Alt** түймешелерінен пайдалану мүмкін. **Ctrl-** ды басып тұрып,

тышқанды жұмысшы бетінде бір рет бассaq, масштаб үлкейеді. **Alt** түймешесін басып тұрып, тышқанды бассaq, масштаб азаяды.

Көріп тұрғанымыздай, **PhotoShop**та бір амалды көптеген әдісте орындау мүмкін. Бұл болса оның үлкен жетістіктерінен бірі.



ЕСТЕ САҚТА !

PhotoShopта жетпістен артық құрылғылар бар.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **PhotoShop**та керекті құрылғыны қандай таңдау мүмкін?
2. Құрылғылар панелі неше бөлімнен тұрады?
3. **Рука** (Байлам) құрылғысы міндетін түсіндіріп беріндер және одан пайдалануды мақсат етіндер.
4. Палитралар саласындағы палитралардың міндеті нелерден тұрады?
5. **Навигатор** палитрасы не үшін қызмет етеді?
6. **PhotoShop**ты іске түсіріп, онда а) құрылғыларды таңдауды; б) палитраларды экранға шығару және жасыруды орындандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Құрылғылар панелінің бірінші бөліміндегі құрылғыларды жаттап алындар.



5- САБАҚ. PHOTOSHOPТА ГРАФИКАЛЫҚ ОБЪЕКТ ФАЙЛДАРЫМЕН ІСТЕУ


PhotoShopта жұмысты бастау үшін оған қандайда бір бейнені жүктеп алу немесе жаңа бейнені жарату керек болады. Бұл амалдарды қандай іс-жүзінде асырумен танысамыз.

Әдетте, **PhotoShop**та бар бейнелер қайта істелінеді. Бірақ кейде онда жаңа бейне жаратуға да тура келеді. Жаңа бейнені жарату үшін **Ctrl+N** (**New** – жаңа сөзінен алынған) қос түймешесін басу яки негізгі менюнің **Файл** (Файл) бөлімінің бірінші бабы **Создать...** (... ды жарату) бабын таңдау керек. Нәтижеде экранда төмендегі **Новый** (Жаңа) байланыс айнасы пайда болады.

Айнаның оң жағындағы **OK** (Иә) түймешесін басып, ұсынылатын параметрлер бойынша жаңа бейнені жарату; **Отмена** (Өзгерту) түймешесін басып, жаңа бейне жаратудан бас тарту мүмкін.

Бұл түймешелер астындағы **Сохранить набор параметров** (Параметрлер жинағын сақтау) түймешесін басып, орнатылған параметрлерден кейінгі бейнелерді жаратуда пайдалану үшін сақтап

кою мүмкін. **Удалить набор ...** (Параметрлер жинағын өшіру) түймешесі керек болмай қалған параметрлер жинағын өшіріп тастау үшін қызмет етеді. Бұл түймешелер астында жаратылатын бейненің көлемі көрініп тұрады.




Айнаның сол жағындағы **Имя** (Есім) алаңға жаңа бейне үшін есім кіргізіледі. Оның астындағы **Набор** (Жинақ) алаңында параметрлер жинағын таңдау мүмкін. Әдетте бұл параметрлер соңында жүктеп алынған бейне параметрлерімен бірдей болады. Бұл тізімнен керектісін тандап параметрлерді бірден өзгертіру мүмкін.

Параметрлерді тікелей байланыс айнасындағы алаңдарда өзгертіру де мүмкін. Олардан негізгілері **Ширина** (Ені) және **Высота** (Биіктік).

Осы бейнелерді ашу үшін **Ctrl+O** (**Open** – ашу сөзінен алынған) қостүймешесін басу яки негізгі менюнің **Файл** (Файл) бөлімінің бірінші бабы **Открыть ...** (Ашу) бабын таңдау керек. Нәтижеде экранда төмендегі **Открыть** (Ашу) байланыс айнасы пайда болады.

Бұл байланыс айнасымен істеу басқа қосымшалар, мәселен **Word** немесе **Excel**-дің сол атты байланыс айналарымен істеуден дерлік айрықшаланбайды.



PhotoShop соңғы ашылған файлдар тізімін сақтап қояды. Бұл тізімдегі бейнелерді ашу үшін негізгі менюің **Файл** (Файл) бөліміндегі **Последние документы** (Соңғы құжаттар) бабынан пайдаланылады.

PhotoShopта істелінген жұмыстарды сақтау үшін бірнеше бұйрықтар бар. Олардан біріншісі **Ctrl+S** қостүймешесі көмегінде шақырылады. Бұл бұйрық ағымдағы бейненің орны мен атын өзгертпестен сақтап қояды.

Ctrl+Shift+S қостүймешелері көмегінде шақырылатын сақтау бұйрығы экранға сақтау байланыс айнасын шығарады. Бұл айна көмегінде бейнені жаңа атпен жаңа орынға форматта сақтап қою мүмкін.

PhotoShopта файлдармен істеу басқа үлгідегілерден көп айрықшаланбайды.

Компьютер графикасы ең жайған тәрізде қолданылады да бейнелерді компьютер жадында сақтау үшін көптеген форматтар істелінген. Олардан кейбіреулері кең тарқалған, кейбіреулері тек қана тар салада істетіледі.

Bmp – (ағылшын тіліндегі **Bitmap Picture**) растрлы бейне сөйлемінен алынған. Бірінші графикалық форматтардан бірі, **Microsoft** компаниясы тарапынан істелінген және қолдап-қуатталынып, кең тарқалған. Бірақ соңғы уақытта басқа форматтарға өз орнын босатып беруде.

Gif – (**Graphics Interchange Format**) бейнелер алмасу форматы сөйлемінен алынған. Бір файлда бірнеше бейнелерді сақтай алады

да қарапайым анимациялар үшін өте қолайлы. Кім аз жай иелейді. Кемшілігі көбімен 256 реңді сақтай алады. Фотосуреттерді сақтағанда үлкен жоғалтуларға жол қойылады. Интернетте және Web дизайнда кең қолданылады.

Tif – (ағылшын тіліндегі **Tagged Image File Format**) белгіленген бейне файлы форматы сөйлемінен алынған. Бірінші бейне форматтарынан бірі болып саналады. Онда бір қатар өзгертірулер енгізілген. **Microsoft, Adobe, Apple** сынды компаниялар тарапынан қолдап-қуатталуы себепті қазіргі кезде де бұқаралануда. Сканерлер, фотоаппараттар істеп шығарушылар да одан кең түрде пайдаланады.

Jpeg – (Joint Photographic Experts Group) фотография эксперттердің бірлескен тобы (**Еуропа одағы**) тарапынан істелінген. Ең кең тарқалған формат. Барша істеп шығарушылар тарапынан қолдап-қуатталады. Аз орын иелейді, бейне сапасын толық сақтау мүмкін. Бірақ бейне көлемі көп азайтырғанда сапасы төмендейді.

Pcx (PC eXchange) жеке компьютерде мәлімет алмасу сөйлемінен алынған. Бірінші графикалық форматтардан бірі. Бұл форматта өте көп бейнелер сақталған. Соңғы кезде оның орнына, **jpeg** форматтарынан пайдалануда.

Raw ағылшын тілінде **raw шала**, әлі дайын емес деген мағынаны білдіреді. Сапалы фотоаппараттарда алынған суреттерді сақтау үшін істетіледі. Әдетте, фотоаппараттар алынған суретті тезарада қайта істеп оның көлемін азайтырады. Мұнда фотосуреттердің сапасы кейде біраз, кейде көбірек төмендейді. Бұл форматта сақталған фотосуреттің кемшіліктері мен оларды жоя білуді пайдаланушының өзі таңдайды. Бұл болса жақсы шықпаған фотосуреттерді де қайта тіктеу мүмкіншілігін береді. Кемшілігі бар фотосуреттердің үлкен көлемде болуы (25 MB қа дейін). Тек қана қайта өңделмеген фотосуреттерді сақтау үшін істетіледі. Соңғы уақытта ен жайып баруда.

Png (Portable Network Graphics) – тармақ үшін **portativ** (ықшам) графикалық сөйлемінен алынған. Интернетте кең қолданылады. Ол **gif** формат орнын иелеп баруда.

Pdf – (ағылшын тілінде Portable Document Format)- электрон

құжаттар форматы деген сөйлемнен алынған. Алғаш полиграфия өнімдерін электрон көріністе сақтау үшін арналған. Компьютер техникасының дамуымен көлемі жағынан үлкендігі, бейнелеу көбірек уақыт талап етілуі сынды кемшіліктері өзекті болмай қалды. Қазіргі уақытта кең тарқалған. Онда мәтінмен бірге растр мен вектор түріндегі бейнелер де сақталады. Одан бейнелерді ажыратып алса болады. **Adobe** компаниясының өнімі.

Бұл форматтар көмегінде бейнелерді тек **PhotoShop**та, яки басқа үлгілерде де ашу және олармен істеу мүмкін. **PhotoShop** бұл форматтардан тыс өзінің бірнеше арнаулы форматына да ие. Бұл форматтар арасында көп істетілетіні **.psd** кеңейткіштері. Бұл форматта сақталған бейнеде **PhotoShop**тың барлық мүмкіндіктері сақтап қойылады. Сол себепті, қайта істеу аяқталмаған бейнелерді сол форматта сақтау және керек болғанда оларды қайта істеуді жалғастыру мүмкін.



ЕСТЕ САҚТА !

Файлдармен істеу амалдары негізгі менюнің **Файл** бөлімінде орналасқан.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **PhotoShop**та бар бейнені ашу қандай амалға асырылады?
2. **PhotoShop**та ағымдағы бейнені сақтап қою қандай орындалады?
3. **PhotoShop** қайта істейтін негізгі форматтарды санап шығындар.
4. **Jpeg** форматының артықшылықтары мен кемшіліктерін айтып беріңдер.
5. **PhotoShop**ты іске түсіріңдер. Оған бірер бір бейнені жүктендер және бейнені түрлі форматтарда, түрлі жерлерге сақтауды орындандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

PhotoShopта жаңа бейне жарату үдерісін дәптерлеріңе жазып алындар.



6- САБАҚ. PHOTOSHOPТА БЕЙНЕНІҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРА КӨРІНІСІНДЕГІ БІЛІМДІ АЖЫРАТЫП АЛУ

Word мәтін процессорында мәтін бөлігін ажыратып алуды еске түсірейік. Мәтін әріп пен басқа белгілердің кетпе-кеттігін, оның бөлігін ажырату үшін бөліктің бірінші және соңғы белгілерін таңдау жетерлі.


Векторлы бейнеде, мәселен, **Word**та жаратылған сызбада, бірнеше объект болғандығы себепті олардан керектілерін кетпе-кет таңдап шығу мүмкін.

Сол себепті растрлы бейнелерде олардың бір бөлігін ажыратып алу үшін бұл бөлек (сала)ның шекараларын ажыратып алу керек болады. Бұл тәсіл біраз қиын болып, оны орындау үшін шеберлік талап етеді. Бұл тәсілді оңайластыру үшін **PhotoShop**та бір қатар құрылғылар істелінген. Сондай-ақ, негізгі менюнің алтыншы бөлімі (Выделение – Ажырату) да бейне бөлігін ажырату үшін істетілетін бұйымдар жиналған.

Бейнені толық ажыратып алу. Оны офис үлгілеріндегі сынды **Ctrl+A (All)** – барлығы сөзінен алынған) қостүймеше көмегінде шақыру мүмкін. Бұл амалды және негізгі менюнің **Выделение (Ажырату)** бөлімінің бірінші тарауын **Все** (Барлығы таңдаумен амалға асыру мүмкін. Бейненің ажыратылған бөлігі шекарасында әрекеттенетін үзік сызық пайда болады.

Ажыратуды жарамсыз деп тану үшін **Ctrl+D (Delete)** – алып тастау) қостүймешесінен пайдалану яки негізгі менюнің **Выделение (Ажырату)** бөлімінің екінші тарауындағы **Отменить выделение (Ажыратуды жарамсыз деп тану)** бұйырығын таңдау мүмкін.

Ажырату құрылғылары құрылғылар панелінде бірінші болып орналасқан. Оның үстінде тышқанның оң түймешесін бассақ, бұл түймешеге сай келген төрт құрылғының тізімі экранға шығады. Олар төмендегі құрылғылар.




Тіктөртбұрышты сала құрылғысы – тіктөртбұрыш көрінісіндегі саланы ажырату үшін жұмсалады.

Эллипс тәрізді сала – эллипс көрінісіндегі саланы ажыратады.

Горизанталь қатар – пиксельдердің горизанталь қатарын ажырату үшін қызмет етеді.


Вертикальды қатар – пиксельдердің вертикаль қатарын ажырату үшін жұмсалады.

Кез келген саланы ажыратып алу үшін тышқанның сол түймешесін басып, ажыратылатын саланың бір бұрышынан екінші бұрышына өту және түймешені қойып жіберу керек болады.



Сала ажыратылғанда және бір рет жаңа сала ажыратылса, ескі ажыратылған сала жарамсызданады да орнына жаңа ажыратылған сала пайда болады. Кезектегі сала ажыратылып жатқанда клавиатурадағы **Shift** түймешесі басылғанда, ескі және жаңа салалар бірлестіріледі де пайда болған сала ажыратылады. Егер жаңа сала ажыратылуда **Alt** түймешесі басылғанда, жаңа ажыратылған сала ескісінен ажыралып қалады. Жаңа саланы ажыратуда **Alt** пен **Ctrl** түймешелерінің екеуі де басылғанда, жаңа саламен ескі саланың қиылысы ажыратып алынады. Бұл төрт жағдай жоғарыдағы төрт суретте көрініс тапқан.

Ажырату құрылғыларынан біреуі таңдалғанда параметрлер қатарында бұл құрылғылардың параметрлері пайда болады. Параметрлер қатардың көрінісі төмендегі суретте көрсетілген:




Ондағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші түймешелерге сай тәртізде ешқандай түймешені баспастан, **Shift**, **Alt** пен **Shift+Alt** түймешелерін басып тұрып саланы ажыратуға тура келеді. Яғни

клавиатурадағы түймешелерді басып тұру орнына параметрлер панеліндегі түймешені бір рет басып қою мүмкін.


Овал көріністегі салаларды ажырату да сол сияқты іс-жүзіне асырылады.

Ажыратылған салалардан қосымшалар төмендегі суреттерде келтірілген:



Алдыңғы жаттығуларда көрілген құрылғылардан пайдаланып геометриялық фигура көрінісінде салаларды ажыратып алу ыңғайлы. Бірақ ажыратылуы керек болған сала әрдайым мұндай көріністе бола бермейді.

PhotoShopта және бірнеше ажырату құрылғылары болып, олар **Лассо** (Арқан), **Прямолинейное лассо** (Тура сызықты арқан), **Магнитное лассо** (Магнитті арқан) деп аталады.



Олардың барлығы құрылғылар панелінде бір **Лассо** (Арқан) түймешесі астында жасырынған. Оларды бұл түймеше үстінде тышқанның оң түймешесін басып, пайда болған менюден таңдау немесе клавиатураның **L** әріптерді бір немесе бірнеше рет басумен таңдау мүмкін. Арқан құрылғысы таңдалғанда тышқанның сол түймешесін басып тұрып, тышқан жүргізіледі. Тышқанның экрандағы ізі арқан сияқты оның арқасында қалады. Сол түймешені қойып жіберу мен арқанның екі ұшы бірлестіріледі. Көрінген жабық сызық орап тұрған саладан ажыралып қалады.

Жаттығу сипатында төмендегі суреттегі оңнан үшінші ағашты

ажыратып аламыз да **Ctrl+C** қос түймешесімен көшіріп, **Ctrl+V** қос түймешесімен суретке қосамыз. Оны сүртіп керекті жайға өткіземіз. Ондағы автомашинаны ажыратып аламыз. Одан көшірме аламыз да 5 рет суретке орналастырамыз. Әр уақытта орналасқан көшірмені керекті жерге өткізуді ұмытпаңдар. Болмаса бұл көшірмені ажыратып алуға дұрыс келеді. Істелген жұмыстардың нәтижелері төмендегі суреттерде көрініс тапқан:



Тік сызықты **lasso** жәрдемінде шекаралары түзу сызық кесінділері болған объекттерді, мәселен ғимараттарды, теледидарды немесе олардың экрандарын ажыратып алу қолайлы. Жаттығу негізінде төмендегі суреттегі ноутбук экранын ажыратып алайық. Мұның үшін тік сызықты **Lasso** құрылғысын таңдаймыз. Тышқанды экранның бір бұрышына алып келіп, сол түймешесін басамыз, соң тышқанды кезектегі бұрышқа алып келіп және бір рет басамыз, соң екінші бұрышта, кейін төртінші бұрышты да басып, ең соңында бірінші бұрыш үстіне екі рет басамыз. Нәтижеде компьютер экранын ажыратып аламыз.



Ажыратып алынған саланы алып тастау үшін клавиатурадағы **Delete** (Өшіру) түймешесін басамыз. Экранда байланыс айнасы пайда болады.

Онда **Использовать** (Істету) алаңындағы **Белый** (Ақ реңді) таңдаймыз да **OK** түймешесін басамыз. Нәтижеде компьютер экраны ақ реңге боялып қалады.



ЕСТЕ САҚТА !

Бейнелеу бөлігін қайта істеуден алдын оны ажыратып алу керек.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Бейнені толық ажыратып алу және ажыратуды жарамсыз деп тану қандай орындалады?
2. Тіктөртбұрыш сала қандай ажыратылады?
3. Ажыратылған салалар үстінде қандай амалдар орындау мүмкін?
4. Арқан құрылғысынан қандай пайдаланылады?
5. Тура сызықты арқан құрылғысынан қандай пайдаланылады?
6. Жоғарыда берілген жаттығуларды компьютерде орындандар.
7. Прямолинейное лассо (Тіксызықты арқан) құрылғысы көмегіндегі ғимаратты ажыратып алуды орындандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Alt пен Shift түймешелері көмегінде бейне саласын ажыратып алуды орындандар.




7- САБАҚ. СУРЕТ БӨЛІГІН АЖЫРАТЫП АЛУДЫҢ БАСҚА ӘДІСТЕРІ

Арқан түймешесіндегі екінші құрылғы **Магнитное лассо** (Магнитті арқан) дан шекарасында фоннан кескін ажыралып тұрған объекттерді ажыратып алуда пайдаланылады. Атынан айтып тұрғандай, бұл арқан магнит секілді объекттің шекарасына жабысып қалады да объектті ажыратып алу жеңілдейді.

Шекараны белгілеуді бастау үшін оның бірер бір нүктесінде тышқанның сол түймешесі бір рет басылады. Тышқанды шекара бойлап қозғалтқанымыз сайын шекарада жаңа түйін нүктелер пайда бола бастайды.

Жаңа түйін қате түсіп қалса, оны клавиатурадағы **BackSpace** (Бір белгі артқа) түймешесін басып, алып тастаймыз. Шекара анық болмаған орындарда кезектегі түйін нүктелерін тышқанның сол түймешесін басумен мәжбүри қойып шығу да мүмкін.


Ажыратуды аяқтау үшін тышқанды ажырату басталған нүктеге алып келу немесе бұл нүкте айналасында тышқанның сол түймешесін екі рет басса жетерлі. Жаттығу сипатында үйректі фоннан магнитті арқан көмегінде ажыратып алайық. Жоғарыдағы суреттерде түйін нүктелердің орналасуы мен бейнені ажырату аяқталғаннан кейінгі жағдай көрсетілген.



PhotoShopта бейне бөлігін ажыратып алудың және бір әдісі бұл **Волшебная палочка** (Сиқырлы таяқшадан) пайдалану. Бұл құрылғы атынан да көрініп тұрыпты, ол керемет жарата алады. Бұл таяқшаны алып, бейненің бірер-бір нүктесіне тигізсек, бұл нүктенің айналасындағы реңі таңдалған нүкте реңіне жақын болған барлық пиксельдерді ажыратып алады.

Бұл құрылғы көмегінде бейненің фонын ажыратып алу қолайлы. Мәселен, алдыңғы жаттығудағы үйрек суретін алайық. Үйрек аркасындағы фон бірдей болып, оны сиқырлы таяқша көмегінде ажыратып аламыз.

Сиқырлы таяқша құрылғысы **Быстрое выделение** (Жылдам ажырату) құрылғысы мен бірге орналасқан. Бұл құрылғы үстіне тышқанды алып келіп, оның оң түймешесін басамыз да пайда болған менюден сиқырлы таяқшаны таңдаймыз.



Сиқырлы таяқшаны таңдау үшін клавиатурада **Ctrl+W** қостүймешесін басу да мүмкін. Таяқшаны үйрек суретіндегі фон реңдегі бірер-бір нүктесіне алып келіп, тышқанның сол түймешесін басамыз.


Егер фонды емес, ноутбуктың өзін ажыратып алу керек болса, негізгі менюнің **Выделение** (Ажырату) бөліміндегі **Инверсия** (Тескерісі)

бұйрығы беріледі де оған тән **Ctrl+Shift+I** қостүймешесі басылады:

Бұл суреттегі фон бірдей болғаны үшін де фонды ажыратып алу оңай болды. Әдетте, суреттегі фон бір-біріне жақын болған түрлі реңдерден құралған болады. Жақын реңдерден қаншасын ажыратып алуды параметрлер қатарында көрсету мүмкін. Алдыңғы тақырыптағы суретте 30 саны тұрған алаңда бұл параметр мөлшері көрсетіледі. Мұның құны үлкейсе, ажыратып алынатын реңдер саны да артады.

Бұл параметрді кеңейтірмей, фонның бірнеше жерін таңдап ажырату жақсырақ нәтиже береді. Мұнда фонның кейінгі нүктесін таңдауда **Shift** түймешесі басып тұрылса, ажыратып алынған бөлік алдыңғысымен бірлестіріледі.

Төмендегі суретте фонды сиқырлы таяқшамен ажыратып алсақ, оң жақтағы бұлт пен ағаштар алдындағы фонның бір бөлігі ажыралмай қалады. Оларды да ажыратып алу үшін **Shift** түймешесін басып тұрып, қалып кеткен беттерді сиқырлы таяқшаны бұл беттердің үстіне басып, қосып аламыз:



Быстрое выделение (Жылдам ажырату) құрылғысы да соған ұқсас тәрізде істейді. Бірақ онда сала басқышпа-басқыш таңдап барылады. Мұнда кезектегі түймешені басып таңдап орнына, тышқанның сол түймешесін басып тұрып жылжытумен үлкенірек саланы қосып алу мүмкін.



ЕСТЕ САҚТА !

Сиқырлы таяқшамен бейнелеу фонын ажыратып алу ыңғайлы.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Магнитті арқаннан қандай пайдаланылады?
2. Сиқырлы таяқшаның істеу қағидатын түсіндіріп беріңдер.
3. Жылдам ажырату құрылғысы қандай істейді?
4. Паспорт үшін түскен фотосуретінді жүктендер. Магнитное лассо (Магнитті арқан) құрылғысымен суреттерінді фоннан ажыратып алыңдар. Ажыратпаны инверсиалап фонды ажыратыңдар және оны өшіріп тастаңдар.
5. Алдыңғы жаттығудағы тапсырманы Волшебная палочка (Сиқырлы таяқша) құрылғысы көмегінде орындандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Магнитті арқанның түйін нүктелеріне жаңаларын қосу, ескілерін алып тастау және инверсия амалын орындандар.



8- САБАҚ. БЕЙНЕЛЕРДІ КАДРЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДА ФИГУРА АЛМАСТЫРУ АМАЛДАРЫН ОРЫНДАУ

Фотосуреттерді алуда көбінесе қателіктерге жол қойылады. Сонымен қатар, кадрға артықша нәрселер де түсіп қалады да оларды кадрдан алып тастауға дұрыс келеді. Мұнда фотосуреттің шет жақтарын қырқып тастау керек. Бұл амалды орындау үшін **PhotoShop**та арнаулы құрылғы бар. Оның аты рамка болып, оны клавиатурадағы **C** әрпін немесе құрылғылар панеліндегі  клавишті басып әрекеттендіру мүмкін.

PhotoShopтың жұмысшы саласындағы суреттің кесіп алынатын бөлігінің бір ұшына тышқанды алып келіп, сол түймешесін басамыз да оны қойып жібермей қарама-қарсы ұшына қарап тышқанды жүргіземіз. Тышқанның түймешесін қойып жіберуімізбен суреттің бөлігі кесіп алынады да онда рамка пайда болады.

Рамканың төрт жағы мен төрт бұрышындағы маркерлерден қажеттісін тышқанмен қозғалтып, рамканың өлшемдерін өзгертіру мүмкін. Керек болса, рамканың орталық айналасында бұруымыз мүмкін. Мұның үшін тышқанды рамканың бірер-бір бұрышына сыртқы тараптан жақындастырамыз. Тышқан курсоры шеңбері жалпақ көріністе келгеннен соң, сол түймешесін басып тұрып, рамканы бұрамыз. Бұл амалды төмендегі қыз суреті үстінде орындаймыз:



Балаларды суретке алу қиын екендігін барлығы біледі. Бұл суретте де әрбір қатардың қателіктері бар. Қыз суретінің бір жағына өтіп қалған және ол басын қисайтырып алған. Және бір қателік, жарықтық қызға оң тараптан түскен, нәтижеде оның сол беті оң бетіне қарағанда тоғырақ шыққан. Бұл оның киімінде анық көзге түсіп тұр.

Қыздың бетін рамкамен ажыратып аламыз. Рамканы сағат тіліне тескері бағытта біраз бұрамыз.

Рамканың өлшемдерін және дұрыстап аламыз. **Enter** түймешесін басып, өзгерістерді іс-жүзіне асырамыз.

